

Психологиялық мінездеме

Аты-Жөні: Иванов Иван Иванович

Тестілеу тілі: Русский

№	Өлшеу көрсеткіші	Тест нәтижесі
1.	Мінез құлық	ESFP
2.	Тұлға түрлері	Әртістік
3.	Қызмет объектісі	Адам
4.	Қызмет түрі	Бақылау

ESFP – САЯСАТКЕР

Көшбасшылық сипатты иеленеді, өзіне сенімді, кәсіпкер, белсенді. Прагматик және реалист, бірақ та жақсы көретін адамдарына мейірімді және сентиментальды болып келеді. Әдетте алдына үлкен мақсат қояды және оған жете біледі. Тәжірибиелік қызметке ыңғайлы, мәселелерді дереу шешкенді қалайды, өйткені кейіннен оған суып қалуы мүмкін. Өте елгезек, жаңа әсерлер алуға тырысады, отырыстың сәні бола алады. Үнемі назарда болғанды, құрметті, оған тәнті болғанын ұнатады. Басқалардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыра алады.

Өз мойнына көп істі ала алады, ол оның жүзеге асыуына кедергі болады. Оның талпынысына оң баға бергенін қалайды, ал кейде сын айтулар оның іс әрекетін ынталандырады. Зерігуден оның өмірлік тонусы төмендейді, ол кезде ол аяушылықты және қамқорлықты қажет етеді. Ол әрқашан бардан да көп нәрсеге қол жеткізуді қалайды.

Адамдармен дипломатияшыл, әсіресе, ықпалды және бейтаныс адамдармен олардың мәселелеріне ынтасымен беріліп кіруі арқылы пайдалы таныстық орнатады. Сыртық бет әлпетке және эстетикаға үлкен көңіл бөледі. Жоғарғы әлеуметтік статусқа және материалдық әлауқаттылыққа ұмтылады. Жігерлі және тәуелсіз адамдарға қиын икемделеді. Басқалардың кеңесін тыңдайды, бірақ өз айтқанымен жүреді.

Ойлау қабілеті эмоционалды сипатта болады және мүдделерге тәжірибиелік қол жеткізуге бағытталған. Сондықтан, айналасындағы жағдайға жақсы икемделген, өз қимылын ағымдағы жағдайдың сұранысына сәйкес жүргізеді. Үнемі өз билік аймағын кеңейтеді және бастаманың барлығын өз қолына алуға тырысады. Осы үшін жылдам әрі табанды қимылдайды. Мақсатқа жету тәсілдері қаншалықты этикалық нормаларға сай келетініне қарамайды – ол үшін нәтиже барлығынан жоғары. Сондықтан оның қасында жұмыс істейтіндер көбінесе не күтерін білмейді, өйткені ол өз жоспарларын жиі өзгертеді және өте талапшыл болып келеді. Осының салдарынан айналасындағылармен қатты қақтығыстар туындайды, ол кезде ол табандылық, билікқұмарлық танытады. Қарсыластың потенциалды мүмкіншіліктерін бағалай біледі. Дағдарыс жағдайында оқиғаны байбаламға түспей және болып жатқанды бақылауды жіберіп алмай, парасатты, жан-жақты толық бағалай алу үшін, өзімен өзі қалады.

Жанжалды жағдайлардан және өзіне деген кері эмоциялардың туындауынан алшақ жүреді. Бұған қол жеткізудің жолы тұлғааралық қарым-қатынастағы икемділік болып табылады. Яғни: өз сезімдерін ашық көрсетеді, алға қойған мақсат үшін алдауға да барады. Жалпы айтқанда, эмоцияны бақылауда ұстайды және оны адамдарға әсер ету құралы ретінде пайдаланады. Өзінің мәселеге деген көзқарасына, ойына сендіру үшін адамдарды, олардың көңіл-күйін алдап-арбай алады, Алайда, жанжалды тез шешіп, дипломатты бола алады. Ақкөңіл, ілтипатты адам болып көрінеді. Осының арқасында таныстары көп, олармен алға қойған мақсатқа қолжеткізуді байланыстырады.

Өзін басқалар көріп, біле алмайтын нәрселерді байқағыш адам санайды. Сондықтан өзі ой және дене қабілеттіліктерін жоғары бағалайды. Қоғам алдында оның абыройын мойындағанды қалайды. Өз іс әрекетін ағымдағы жағдайға және оның қисынды талдауына сәйкес бағалайды. Өкінішке орай, оған қисынды талдау жасау қиынға соғады, көп күш пен уақыт кетіреді. Осыған

байланысты, болып жатқан оқиғаның объективті сілтемелерін көре алмайды, ол асыра сілтеушілік пен субъективизмге әкеліп соғады. Қисынды талдау жасаудағы қиындық стратегиялық жоспар құра алмаушылыққа әкеледі. Ақырында, эмоциональды және физикалық күшті бос жұмсау пайда болады. Оның стихиясы – тез және батыл шешімдерді қажет ететін тактикада. Іс әрекетін алдынала ойлағанды ұнатпайды және осы туралы кеңес айтқанда ашуланады.

Оған өткен әрекеттердің қате болмағанын білу өте маңызды. Мұндай мағлұмат оған қолдау көрсетеді. Олай болмаған жағдайда қарастырылып жатқан әрекет болашақта жайсыздықтарға әкелмейтіні және оны дұрыстауға болатынын түсінбейінше тыныштала алмайды.

Қазір қабылданып жатқан әрекет нағыз көзге көрінерлік табыс әкеледі деген информация оның белсенділігін арттырады. Материалдық әл-ауқаттылықты ұнатады, оған қол жеткізе алады және оған қол жеткізу процесінен рахат алады. Ақшаны қажетінсіз жұмсамайды. Жайсыздықты нашар көтереді, келеңсіз сезімдер мен физикалық қысымнан қашады. Жақын адамдарынан оның денсаулығына және жайлылығына қамқор болғанын күтеді. Айналасындағылардан тазалық пен тәртіпті талап етеді. Оңтайлы эмоцияларға талпынады. Аз даудамайлар мен жанжалдардан кейін жиналған оңтайлы эмоциялар көрініс табады.

Басым жақтары:

1. Бастамашыл және жігерлі;
2. Өз көзқарасын қорғау қабілеті;
3. Адамдармен сөйлесе алуы;
4. Күтпеген жағдайларда шешімдерді тез қабылдап қимылға көше алуы.

Әлсіз жақтары:

1. Басты нәрсені қосымшадан ажырата алмауы;
2. Стратегиялық жоспар құра білмеуі;
3. Сынды ауыр қабылдауы.

ӘРТИСТІК жеке тұлға типі

Бұл тип өкілдері оригиналды, шешім қабылдауда тәуелсіз, әлеуметтік нормалар мен мақұлдауларға сирек бейімделеді. Өмірге деген өзінің жеке көзқарасы бар, ойлау қабілетінің жылдамдығы мен икемділігімен, жоғарғы эмоциональды сезімталдығымен ерекшеленеді. Айналасындағылармен өзінің сезіміне, эмоциясына, интуициясына сене отырып қарым-қатынас жасайды. Коммуникативті қабілеті айтарлықтай дәрежеде дамыған.

Кәсіби икемділігі неғұрлым жоғары дәрежеде актерлі-сахналық, музыкалық, көркем сурет қызметімен байланысты мамандықтарға сәйкес болып келеді.

Ұсынылатын мамандықтар: музыкант, суретші, жазушы, өнертанушы, мәдениеттанушы.

Тестіленушінің мамандық түрлеріне сәйкес бейімділігі:

Табиғат	Техника	Адам	Таңбалау жүйесі	Көркем бейне
4	2	7	2	5

Адам-адам (Өте айқын қабілеттілік)

Бұл мамандық тобында маманның еңбек құралы адам болып табылады, іс-әрекеттің өзіндік белгісі – адамдарға тікелей әсер ету қажеттілігі. Мұндай мамандықтар шеңбері көп аспектілі: педагогикалық – мұғалім, балабақша тәрбиешісі; медициналық – дәрігер, медбике; заң салалары – тергеуші, сот, қорғаушы; қызмет көрсету саласы – сатушы, жолсерік, парихмахер; мәдениет саласы қызметкерлері – пианист, аккомпаниатор және т.б. Адамдармен жұмыс жасау барысында тұрақты жақсы көңіл-күй, тілдесудегі қажеттілік, ойша өзін басқа адамның орнына қоя білу қабілеттілігі, адамдардың ниетін және пиғылын тез түсіну, жақсы есте сақтау, әр түрлі адамдармен ортақ тіл табыса білу – мұның бәрі осы мамандық типінің жұмыс жасауында өте маңызды жеке қасиеттер болып саналады.

Кәсіби маңызды қасиеттер:

1. Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер.
2. Эмпатиялық қабілеттер.
3. Эмоционалды тұрақтылық.
4. Тұрақтылық және көңіл бөлу.
5. Ізгі ниеттілік.
6. Өзін-өзі ұстай білу және шыдамдылық.

Адам - көркем бейне (Айқын қабілеттілік)

Бұл типтің көптеген маман өкілдері үшін еңбек құралы көркем бейне, оны құру тәсілдері, оның ролі, элементтері мен ерекшеліктері болып табылады.

«Адам - көркем бейне» типі мамандықтарының бір ерекшелігі – еңбек шығындарының көп бөлігі кездейсоқ бақылаушылардан жасырын құралады. Одан басқа, кей жағдайларда жұмыстың нәтижесінің «жеңілдік» әсерін қалдыру үшін арнайы күш жұмсалады.

Бұл сала мамандарына келесі қызмет түрлерін орындауға тура келеді:

1. көркем шығармаларды жасау, жобалау (жазушы, суретші, композитор, модельер, архитектор, скульптор, журналист, хореограф);
2. үлгі бойынша әр түрлі бұйымдарды жасау, өңдеу (ювелир, реставратор, гравер, музыкант, актер, ағаш шебері);
3. көркем шығармаларды массалық өндірісте көбейту (фарфорды суреттеу шебері, тастар мен хрустальды жылтырату шебері, бояушы, баспашы).

Стандартқа сәйкес емес ой-өріс, оқиғаны жан-жақты көре білу қабілеті, оқу үрдісі кезінде үйренген шеңберлер мен шектеулер шаблоннан тыс ойлау қабілетін қажет етеді.

Дамыған эстетикалық сезім, әдеміге деген құмарлық сезімі болуын талап етеді. Әдемілікті тек түсініп ғана қоймай, оның өмірлік қайталанбайтынын сезіне білу маңызды.

Кәсіби маңызды қасиеттер:

1. Көрнекті-көркем ойлау.
2. Көркем есте сақтау жады.
3. Шығармашылық қиял.
4. Эмоционалды тұрақсыздық.
5. Арнайы қабілеттері (көркем сурет, музыкалық).

Адам-табиғат (Орта деңгейдегі қабілеттілік)

Бұл топ жанды және жансыз табиғаттың (еңбек құралы – топырақ, су, өсімдік және жануарлар) объектілерімен, құбылыстарымен және үрдістерімен байланысты барлық мамандық өкілдерін біріктіреді. Сонымен қатар, мұнда: ветеринар, агроном, гидролог, көкөніс өсіруші, геолог, егінші, қорықшы, механизатор. Бұл мамандық өкілдерін өте маңызды бір сапа біріктіреді – ол табиғатқа деген сүйіспеншілік. Олардың махабаты барлық адамдарға тән пайымды емес, ал оның заңдары мен оларды қолданумен байланысты жігерлі болып келеді. Сондықтан бұл типтің мамандығын таңдағанда Сіздің табиғатқа қарам-қатынасыңыз қандай: сіз жұмыс істейтін шеберхана есебінде ме әлде таза ауа жұтып, жақсы демалатын жер есебінде ме осыны ажыратып алған өте маңызды. Берілген типтің еңбек объектісінің ерекшеліктері оның қиындығында, өзгерістерге толы және стандартты еместігінде болып табылады. Өсімдіктер, жануарлар, микроорганизмдер ешқандай демалыссыз, мереке күндерінсіз дамиды, сол себепті маманға әрқашан қолаңсыз жағдайларға дайын болуы қажет.

Кәсіби маңызды қасиеттер:

1. Байқампаздық.
2. Кеңістіктік қиял.
3. Қозғалыс белсенділігіне қажеттілік.

4. Физикалық төзімділік.
5. Ұйымдастырушылық қабілеттер.
6. Аналитикалық қабілеттер.

Адам-техника (Қабілеттілік байқалмайды)

Бұл техникалық қызмет көрсету, оны жөндеу, орнату және басқарумен байланысты: механик-жөндеуші, реттеуші, жүргізуші ең кең таралған мамандық типі болып табылады. Сондай-ақ бұл типке металдарды өңдеу және өндіру бойынша мамандықтар: металлург, токарь, механик-жөндеуші; метал емес өнімдерді өңдеу бойынша мамандықтарды (тоқушы, ағаш шебері); ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша (наубайшы, кондитер); тау өнімдерін өндіру және өңдеу (ұңгуші, шахтер). Техника жаңашылдыққа, ойлап табуға, шығармашылыққа зор мүмкіндіктер береді. Сондықтан тәжірибиелік ойлау қабілеті маңызды дәрежеге ие болады. Техникалық фантазия, техникалық объектілерді, оның бөлшектерін ойша қосу және ажырату, бөлу қабілеттігі – бұл саладағы жетістіктердің маңызды шарттары болып саналады.

Кәсіби маңызды қасиеттер:

1. Техникалық ойлау.
2. Зейін қою және ауыстыру.
3. Кеңістіктік қиял.
4. Оперативті есте сақтау қабілеті.
5. Жақсы реакция және қозғалыс тепе-теңдігі.
6. Сыртқы қоздырғыш жағдайларға жүйке жүйесінің төзімділігі.
7. Монотондықты және бірқалыптылықты көтере алу.

Адам-таңбалау жүйесі (Қабілеттілік байқалмайды)

Мұнда еңбек құралы ретінде құбылыстар емес, ал олар туралы таңбамен берілген мәліметтер саналады (сөздер, формулалар, шартты таңбалар). Бұл мамандық өкілдері әр түрлі мағлұмат түрлерін өңдейді, көбейтеді, талдау жасайды, сақтайды және береді. Тілдік таңбалау жүйесімен тарихшының, түзетушінің, нотариустың, паспортистіктің, почташының жұмысы байланысты. Географиялық кескіндермен, карталармен, схемалармен сызушылар, штурмандар, белгі қоюшылар жұмыс істейді. Математиктердің, экономисттердің, ЭВМ операторларының, метеорологтардың жұмысы математикалық таңбалау жүйесімен байланысты. Адам таңбаны құбылыстың немесе нақ объектінің символы ретінде қабылдайды. Сондықтан маманға бір жағынан заттың таңбалармен белгіленген нақ қасиетін абстракциялау қажет, ал екінші жағынан таңбалардың артында тұрған нағыз құбылыстар мінездемелерін болжай білуі қажет. Басқаша айтқанда, таңбалардың өз алдына көзге көрінбейтін айырмашылықтарын ескере отырып, жақсы дамыған абстракты ойлау қабілетін иелену қажет. Бұл жұмыста зейінділік, назардың тұрақтылығы, шыдамдылық секілді қасиеттің бар болуы керек.

Кәсіби маңызды қасиеттер:

1. Тұрақтылық, зейін қою, назарды бөлу және ауыстыру.
2. Абстрактілік ойлау.
3. Көркем есте сақтау жады.
4. Сөйлесуге айқын мұқтаждықтың болмауы.
5. Эмоциональды тұрақтылық.
6. Ұқыптылық.
7. Төзімділік.

Ұсынылатын мамандықтар:

Кеденші, Прокурор, Табельщик